

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Who are Burma's minority groups? // Электрондық ресурс // URL: <https://www.bbc.com/news/world-asia-pacific-11620652>
2. Rohingya Refugee Crisis Explained // Электрондық ресурс // URL: <https://www.unrefugees.org/news/rohingya-refugee-crisis-explained/#Rohingya>
3. Myanmar: Airstrike on Village an Apparent War Crime // Электрондық ресурс // URL: <https://www.hrw.org/news/2023/10/17/myanmar-airstrike-village-apparent-war-crime>
4. Nearly 500 cases of sexual assault against women in Myanmar's conflict // Электрондық ресурс // URL: <https://www.rfa.org/english/myanmar/2024/11/06/myanmar-women-sexual-assault/>
5. Комиссия международного права ООН. Доклад Комиссии международного права о работе её шестьдесят седьмой сессии (4 мая - 5 июня и 6 июля - 7 августа 2015 г.). Глава VII. Преступления против человечности [Электрондық ресурс]. - БҰҰ, 2015. - URL: https://legal.un.org/ilc/reports/2016/russian/a_71_10.pdf
6. Burma / Myanmar Sanctions regime // Электрондық ресурс // URL: <https://globalsanctions.com/region/burma/>
7. МУС запросил ордер на арест военного лидера Мьянмы за преступления против рохинджа. Это должно стать решающим шагом на пути к прекращению безнаказанности // Электрондық ресурс // URL: <https://eurasia.amnesty.org/2024/11/27/mus-zaprosil-order-na-arest-voennogo-lidera-myanmy-za-prestupleniya-protiv-rohindzha-eto-dolzno-stat-reshayushhim-shagom-na-puti-k-prekrashheniyu-beznakazannosti/>
8. Россия и Мьянма обновляют стратегию экономического сотрудничества // Электрондық ресурс // URL: <https://roscongress.org/news/rossija-i-mjanma-obnovljajut-strategiju-ekonomicheskogo-sotrudnichestva/>
9. Лидер Мьянмы Мин Аун Хлайн встретился с Ван И // Электрондық ресурс // URL: https://www.mfa.gov.cn/rus/zxxx/202408/t20240817_11475030.html
10. Myanmar: Aung San Suu Kyi's party wins majority in election // Электрондық ресурс // URL: <https://www.bbc.com/news/world-asia-54899170>
11. Военный переворот в Мьянме: задержана лидер страны Аун Сан Су Чжи, связь отключена // Электрондық ресурс // URL: <https://www.bbc.com/russian/news-55882379>
12. Myanmar human rights crisis deepens as aid collapses, attacks intensify // Электрондық ресурс // URL: <https://news.un.org/en/story/2025/06/1165041>
13. Землетрясение при военной хунте в Мьянме: гуманитарную помощь отбирают, повстанцев все равно бомбят // Электрондық ресурс // URL: <https://www.bbc.com/russian/articles/cn80yj3e2vdo>
14. Ultra-nationalist Buddhist group Ma Ba Tha has been spreading anti-Muslim rhetoric across Myanmar for years. Cosmopolitan Mandalay is at the heart of this hostility - which many fear is here to stay // Электрондық ресурс // URL: <https://www.theguardian.com/cities/2017/may/08/buddhist-extremists-anti-muslim-mandalay-ma-ba-tha>
15. Myanmar mob burns down mosque // Электрондық ресурс // URL: <https://www.bbc.com/news/world-asia-36693714>

АҚШ-ТАҒЫ АФРОАМЕРИКАНДЫҚТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҮШІН КҮРЕСІ: МАЛКОЛЬМ ИКС РӨЛІ

Шәріпова А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі Аймахов Е.Н.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.

XX ғасырдың ортасы - Америка Құрама Штаттары тарихындағы ең күрделі және қайшылыққа толы кезеңдердің бірі. Бұл дәуір нәсілдік теңсіздік, әлеуметтік әділетсіздік және адам құқықтары мәселесінің ең өткір көрініс тапқан уақыты болды. Афроамерикандықтар ғасырлар бойғы құлдық пен кемсітушіліктен кейін өздерінің конституциялық құқықтарын қорғау жолында ашық күреске шықты.

Осы күрестің алдыңғы қатарында азаматтық құқықтар қозғалысының екі ірі көшбасшысы тұрды - Мартин Лютер Кинг пен Малкольм Икс. Екеуі де афроамерикандықтардың бостандығы мен теңдігі жолында күрескенімен, олардың идеологиялық бағыттары мен әдіс-тәсілдері әртүрлі болды.

Мартин Лютер Кинг христиандық гуманизм мен бейбіт қарсылық қағидаттарын ұстанса, Малкольм Икс өзін-өзі қорғау, рухани ояну және мәдени тәуелсіздік идеясын дәріптеді [1, б. 47].

Тақырыптың өзектілігі - бүгінгі таңда да нәсілдік және этникалық теңсіздік мәселесі жаһандық сипат алып отыр. ХХІ ғасырда «Black Lives Matter» қозғалысы Малкольм Икс идеяларының әлі де маңыздылығын айғақтай түсті. Сондықтан оның көзқарастары мен тарихи рөлін зерттеу - тек өткенді тану емес, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік ұғымын түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты - Малкольм Икс тұлғасының азаматтық құқықтар қозғалысындағы тарихи орнын, идеологиялық ерекшеліктерін және оның идеяларының қазіргі заманға ықпалын талдау.

Міндеттері:

1. ХХ ғасырдың ортасындағы АҚШ-тағы нәсілдік жағдайды тарихи тұрғыдан сипаттау;
2. Малкольм Икс өмір жолының әлеуметтік және рухани қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтау;
3. Оның идеологиялық көзқарастарын талдау және Мартин Лютер Кингтің ілімдерімен салыстыру;
4. Малкольм Икс мұрасының қазіргі әлеуметтік қозғалыстардағы ықпалын көрсету.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - бұл жұмыста Малкольм Икс көзқарастары тек тарихи контексте ғана емес, сонымен қатар мәдени және саяси философия тұрғысынан қарастырылады.

Әдістемелік негізі - тарихи салыстырмалы талдау, тұлғатану, және контенттік әдіс.

АҚШ-тағы нәсілдік теңсіздік тарихы елдің қалыптасу кезеңінен бастау алады. 1619 жылы алғашқы африкалық құлдар Вирджинияға жеткізілген сәттен бастап, афроамерикандықтардың тағдыры экономикалық және әлеуметтік езгімен тығыз байланысты болды. Құл иеленушілік жүйе ХVIII-XIX ғасырларда ел экономикасының негізін құрағанымен, оның адамгершілік тұрғыдағы қайшылықтары қоғамды терең дағдарысқа ұшыратты [2, б. 102].

1861-1865 жылдардағы Азамат соғысы және 1863 жылғы Эмансипация жариялануы құлдық жүйені заң жүзінде жойғанымен, шынайы теңдік орнаған жоқ. Реконструкция кезеңінде (1865-1877 жж.) афроамерикандықтар қысқа уақытқа саяси құқықтарға ие болды, алайда оңтүстік штаттарда тез арада «Джим Кроу» заңдары енгізілді. Бұл заңдар нәсілдік сегрегацияны заңдастырып, афроамерикандықтарды білім алу, сайлау, еңбек және қоғамдық өмір салаларынан шеттетті [3, б. 68].

XX ғасырдың басында афроамерикандықтар саяси белсенділігін қайта арттыра бастады. 1909 жылы құрылған Түсті халықтардың ұлттық қауымдастығы (NAACP) нәсілдік дискриминацияға қарсы заңдық және саяси күрестің негізгі орталығына айналды [4, б. 51]. Сондай-ақ 1920-1930 жылдары басталған Гарлем Ренессансы қозғалысы қара нәсілділердің мәдени өзін-өзі тануына, өнер мен әдебиет арқылы өз болмысын дәріптеуіне жол ашты. Бұл кезең афроамерикандық сана мен мақтаныш сезімін қалыптастырды.

Алайда, ХХ ғасырдың ортасына дейін нәсілдік шектеулер қоғамның барлық саласында сақталды. Оңтүстік штаттарда афроамерикандықтар сайлау құқығынан айырылды, ал білім беру жүйесінде бөлек мектептер мен қоғамдық орындар қолданылды. Бұл жағдай 1950-жылдары ашық наразылық қозғалыстарына ұласты.

1954 жылы АҚШ-тың Жоғарғы соты “Браун мен Білім беру басқармасына қарсы” ісі бойынша қабылдаған шешімінде білім беру жүйесіндегі нәсілдік бөлінушілікті Конституцияға қайшы деп таныды. [5, б. 34]. Бұл шешім азаматтық құқықтар қозғалысының басталуына түрткі болды. 1955 жылы Роза Паркстың Монтгомери қаласында автобуска отырудан бас тартуы, кейін сол қалада басталған бойкот қозғалысы ел көлемінде әділетсіздікке қарсы жаңа кезеңнің басталуын көрсетті.

Осы кезеңде азаматтық құқықтар қозғалысының көшбасшысы ретінде Мартин Лютер Кинг танылды. Ол христиандық мораль мен Ганди ұсынған бейбіт қарсылық қағидатын біріктіріп, нәсілдік теңдікке бейбіт жолмен жетуді көздеді. Дегенмен, Кинг ұсынған идеология барлық афроамерикандықтарға сәйкес келе бермеді. Көптеген жастар мен жұмысшы қауым бейбіт наразылықтың баяу нәтиже беріп жатқанын сезінді.

Малкольм Икс (шын аты - Малкольм Литтл) 1925 жылы 19 мамырда Небраска штатының Омаха қаласында дүниеге келген. Оның балалық шағы мен жастық кезеңі нәсілдік зорлық-зомбылық пен әлеуметтік әділетсіздіктің нақты көрінісі болды. Әкесі Эрл Литтл - діни қайраткер және Гарви қозғалысының белсенді мүшесі болған. Ол афроамерикандықтардың өз Отанын - Африкаға қайтып, мәдени түп-тамырына қайта оралу идеясын ұсынды [6, б. 82].

Эрл Литтл нәсілшіл топтардың қудалауына ұшырап, 1931 жылы белгісіз жағдайда өлтірілді. Бұл оқиға жас Малкольмның санасында терең жара қалдырды. Ал анасы Луиза Литтл күйеуінің қазасынан кейін психологиялық күйзеліске түсіп, кейін психиатриялық ауруханаға жатқызылды. Осыдан кейін Малкольм мен оның бауырлары әртүрлі балалар үйі мен қамқорлық мекемелеріне таратылды [7, б. 57].

Жасөспірім кезінде Малкольм қоғамдағы нәсілдік теңсіздікті нақты сезінді. Ол мектепте жақсы оқығанымен, бір мұғалімі оған: «Қара нәсілді бала адвокат бола алмайды, қолыңнан келетін іс - ағаш ұстасы болу» деген сөз айтты. Бұл сөз оның болашаққа деген сенімін күйреткенімен, кейін ол өмірінің басты бұрылыс нүктесіне айналды.

1940-жылдары Малкольм Бостон мен Нью-Йорк қалаларында өмір сүріп, ұсақ қылмыстармен айналысты. 1946 жылы ол ұрлық үшін 10 жылға сотталып, Массачусетс түрмесіне жабылды. Дәл осы түрмеде оның дүниетанымы түбегейлі өзгерді. Ол өзін-өзі білімге арнап, тарих, философия, саясат және ислам дінін оқыды. Түрме кітапханасындағы барлық кітапты оқып шыққан ол, жазу мен сөйлеу шеберлігін дамытты.

Осы кезеңде Малкольм «Ислам Ұлты» (Nation of Islam) қозғалысымен танысып, оның жетекшісі Илайя Мухаммедтің іліміне қызыға бастады. Бұл қозғалыс афроамерикандықтардың өзіндік болмысын сақтауға, нәсілдік мақтаныш пен рухани тазалыққа үндеді. Түрмеден шыққан соң, ол қозғалыстың ең белсенді насихатшыларының біріне айналды және «Малкольм Икс» есімін қабылдады. «Икс» әрпі оның ұмытылған африкалық тегін білдіретін символ болды - ақ үстемдік дәуірінде ұрпақтарынан айрылған қара халықтың тарихтағы белгісіз атын білдіретін белгі [8, б. 142].

Малкольм Икс идеологиясының түпкі мәні - афроамерикандықтардың рухани және экономикалық тәуелсіздігін орнату болды. Ол Кинг секілді “ақ қоғаммен келісімге келу” жолын емес, қара халықтың өз күшіне сену идеясын ұсынды.

Мартин Лютер Кинг зорлыққа қарсы идеология ұстанды, ал Малкольм Икс: «Егер біреу саған шабуыл жасаса, сенің қорғану құқығың бар, бұл адам болудың ең қарапайым қағидасы» деді [9, б. 211].

Оның пікірінше, «ақтар әділеттілік бермейді, оны тек күшті халық өзі алады». Сондықтан ол афроамерикандықтарды өз қадірін сезінуге, өздерін қорғауға және экономикалық тәуелсіз болуға шақырды. Малкольмның ең көп тараған қағидаларының бірі - «by any means necessary» («қажет болса кез келген жолмен») ұраны. Бұл сөз тіркесі оның күрес философиясын айқын көрсетеді. Малкольм Икс үшін күрес тек заң алдындағы теңдікпен шектелмеді. Ол мәдени және рухани отарлықтың да зиянын терең түсінді. Афроамерикандықтардың көпшілігі ақ мәдениеттің стандарттарын қабылдап, өз түптамырын ұмытқанын сынға алды. Осы тұрғыда ол Гарви қозғалысының идеяларын қайта жаңғыртты.

Ол қара нәсілділердің өз бизнесін дамытуын, білім алуы мен ұйымшылдық танытуын басты мақсат етті. Сонымен қатар, “Black is beautiful” (Қара нәсіл - сұлулықтың белгісі) идеясын насихаттап, қара жастардың өз болмысын мақтан тұтуына ықпал етті. Бұл идея кейінгі Black Power қозғалысының ұранына айналды.

Малкольм Икс христиан дінін сынап, оны “ақ үстемдік идеологиясының бір құралы” деп есептеді. Ал Исламды ол теңдік пен әділеттің діні деп таныды. Оның ойынша, ислам - нәсілге бөлінбейтін, адамды адам ретінде бағалайтын рухани жол еді.

1964 жылы Малкольм Икс Меккеге қажылыққа барды. Бұл сапар оның дүниетанымын түбегейлі өзгертті. Ол қажылық кезінде түрлі нәсіл мен ұлт өкілдерінің бір дастарқаннан ас ішіп, бірге намаз оқығанына куә болды.

Осыдан кейін ол нәсілдік өшпенділік идеясынан бас тартып, адамзаттың бірлігі мен жалпы әділеттілік идеясын қабылдады [10, б. 304]. Қажылықтан кейін ол “Организация афроамериканского единства” (Organization of Afro-American Unity) ұйымын құрды. Бұл ұйымның мақсаты - АҚШ-тағы нәсілдік мәселелерді халықаралық деңгейде, яғни адам құқықтары тұрғысынан талқылау болды.

Ол БҰҰ-ға хат жолдап, афроамерикандықтардың жағдайын адамзатқа қарсы қылмыс ретінде қарауды талап етті. Осы қадам Малкольм Иксті тек ұлттық емес, ғаламдық деңгейдегі құқық қорғаушы тұлға ретінде танытты.

Алайда оның көзқарастары “Ислам Ұлты” қозғалысының басшылығымен қайшылыққа түсті. 1965 жылы 21 ақпанда Нью-Йорк қаласында сөз сөйлеп тұрған кезінде Малкольм Икс үш қарулы адам тарапынан атып өлтірілді. Көптеген тарихшылар бұл қастандық “Ислам Ұлты” ұйымының ішкі жанжалынан туындаған деп санайды.

Малкольм Икс қайтыс болғаннан кейін оның идеялары бүкіл әлемге тарады. 1960-жылдардың соңында басталған **Black Power** қозғалысы, 1970-1980 жылдардағы **Pan-Africanism** және XXI ғасырдағы **Black Lives Matter** қозғалыстары оның ілімінен шабыт алды.

Малкольм Икс идеялары қазіргі әлемде үш негізгі қырынан өзекті:

1. **Өзіндік сана және рухани тәуелсіздік.** Ол афроамерикандықтарды өз болмысын мақтан тұтуға үйретті. Бұл идея қазір әлемнің әр түкпірінде этникалық және мәдени азшылықтарға рухани серпін беріп отыр.

2. **Әділет пен теңдікке жаһандық көзқарас.** Ол нәсілдік мәселені тек АҚШ аясында емес, адамзаттық деңгейде қарастыру қажеттігін көрсетті.

3. **Қоғамдық белсенділіктің жаңа үлгісі.** Оның сөзі мен ісі қазіргі жастар қозғалыстарының рухани іргетасына айналды.

Малкольм Икс өмірі мен қызметі адам еркіндігі мен ар-намысы үшін күрестің символына айналды. Ол “құрбан болған батыр” бейнесінде ғана емес, “саналы қарсыласу мен рухани қайта жаңғырудың” символы ретінде тарихта қалды. Ол Американың ғана емес, бүкіл әлемдегі дискриминацияға қарсы қозғалыстарға әсер етті. Оның өмірі - адамның санасын өзгерту арқылы қоғамды өзгертуге болатынының дәлелі. Ол: «Бостандық - сұраумен келмейді, ол үшін күресу керек» деген ұстаныммен өмір сүрді.

Малкольм Икс - XX ғасырдағы ең ықпалды және күрделі тұлғалардың бірі. Ол азаматтық құқықтар қозғалысын тек саяси тұрғыдан емес, рухани және мәдени деңгейде байытты. Оның идеялары қара нәсілді халықтың өзін-өзі тануына, еркіндік пен әділетке ұмтылуына серпін берді.

Ол нәсілдік теңсіздікке қарсы күресте өз халқының намысын қорғап, “ақиқат үшін күрес - бұл адамдық борыш” екенін дәлелдеді. Малкольм Икс тұлғасы қазіргі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ - оның мұрасы әлеуметтік әділеттілік, мәдени тәуелсіздік және адамзат бірлігі идеяларымен үндесіп жатыр. Малкольм Икс - тек революционер емес, ол философ, рухани реформатор, нәсілдік сана теориясының авторы және әлемдік әділетсіздікті әшкерелеуші тұлға. Сондықтан оны тек тарихи кейіпкер емес - әлемдік адам құқықтары философиясының бөлігі деп бағалауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Carson, C. Malcolm X: The FBI File. New York: Carroll & Graf, 1991. - 312 p.
2. Franklin, J.H. From Slavery to Freedom: A History of African Americans. 9th ed. New York: McGraw-Hill, 2010. - 560 p.
3. Branch, T. Parting the Waters: America in the King Years 1954-1963. New York: Simon & Schuster, 1988. - 1064 p.
4. Haley, A., Malcolm X. The Autobiography of Malcolm X. New York: Ballantine Books, 1999. - 496 p.
5. DeCaro, L.A. On the Side of My People: A Religious Life of Malcolm X. New York: NYU Press, 1996. - 244 p.
6. Cone, J.H. Martin & Malcolm & America: A Dream or a Nightmare. Maryknoll: Orbis Books, 1991. - 358 p.
7. Perry, B. Malcolm: The Life of a Man Who Changed Black America. Barrytown: Station Hill, 1991. - 423 p.
8. Joseph, P.E. Waiting 'Til the Midnight Hour: A Narrative History of Black Power in America. New York: Holt, 2006. - 416 p.
9. Marable, M. Malcolm X: A Life of Reinvention. New York: Viking, 2011. - 594 p.
10. Dyson, M.E. Making Malcolm: The Myth and Meaning of Malcolm X. Oxford: Oxford University Press, 1995. - 320 p.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕУРООДАҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: ERASMUS+ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА

Сагимбек А.К.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, тарих магистрі Аймахов Е.Н.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.
sagimbeksary@gmail.com

Қазақстандағы Еуропалық Одақтың білім беру бағдарламаларының даму үрдістерін талдауға арналған, әсіресе Erasmus+ бағдарламасының елдің жоғары білім беру жүйесіне ықпалы жан-жақты қарастырылады. Зерттеуде халықаралық академиялық ұтқырлықтың кеңеюі, университеттердің институционалдық әлеуетін арттыру, білім беру сапасын жетілдіру және қазақстандық жоғары оқу орындарының еуропалық білім кеңістігіне интеграциялану деңгейі сараланады. Erasmus+ гранттық құралдарының қолданылу механизмі, серіктес жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық формалары мен жобалық қызметтің нәтижелілігі теориялық және эмпирикалық деректер негізінде сипатталады. Мақалада сондай-ақ бағдарламаның Қазақстандағы іске асырылуының негізгі жетістіктері мен кездесетін мәселелері талданып, білім беру саясатының болашақ векторларын